



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 7 (8270) Сәрсенбі 14 қаңтар 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

Саяси кеңестің Бюро отырысы

ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯ ЕРЕЖЕСІ БЕКІТІЛДІ

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жетекшілік ететін «Нұр Отан» партиясы Қазақстан Республикасындағы қосбасшы партия ғана емес, әлемдік деңгейдегі бағдары айқын және даму барысы дараланған шынайы демократиялық үдерістерге сай партия. Мемлекет басшысы дәстүрлі Жолдауында да «Нұр Отан» партиясының жұмысына басымдық беріп, қоғам тынысындағы күрмеуі қиын мәселелерге партияның араласуына жол ашып келеді. Соның негізінде «Нұр Отан» партиясына қарасты филиалдардың жұмысы жанданып, партияның Саяси кеңесі мен Бюро мүшелерінің жүйелі жұмыстарының арқасында тұрғындардың әлеуметтік, экономикалық мәселелері оңтайлы шешілуде. Еліміз егеменді алып, еңсесін тіктегеннен кейінгі мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаулардың нәтижесінде «Нұр Отан» партиясының Байзақ аудандық филиалы да, аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция да халықпен етене араласып,

азаматтардың талап-тілектерін, шағымдары мен мұң-мұқтаждарын дер кезінде ескеріп, көптеген мәселелердің



түйінін тарқатып, көкейдегі сауалдарға қашанда орынды ой, орнықты жауап қайтара алатын дәрежеге жетті.

Жуырда аудандық партия филиалы Саяси кеңесінің Бюро отырысы болып өтті. Саяси кеңестің Бюро отырысына Бюро мүшелері мен депутаттық фракция мүшелері және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы М.Шүкеевтің жетекшілігімен өткен отырыста «Нұр Отан» партиясы қоғамдық бірлестігі

филиалы мәслихатындағы депутаттық фракциясы туралы ережеге жан-жақты тоқталып өткен Е.Есімов Елбасы, партия Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауын, партияның «Қазақстан 2017 мақсаттары. Ұлттық іс-қимыл жоспары атты» сайлауалды Тұғынамасын іске асыру жөніндегі аудандық жоспарларды іске асыру бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, депутаттық фракция мүшелерінің тарапынан әлеуметтік маңызды мәселелердің орындалу барысына ықпал ету, бақылау жасау жұмыстарын ұйымдастыру, партияның жергілікті мәслихаттағы депутаттық фракциясының тиімді жұмыс істеуіне және фракция мүшелерінің атқарушы билік тармақтары жанынан құрылған түрлі комиссиялар мен кеңестердің жұмысына белсенді түрде қатысуына қолайлы жағдайлар қалыптастырып, мемлекеттік және аумақтық, салалық бағдарламалардың орындалуы мен бюджет қаржыларының мақсатты жұмсалыуына қоғамдық бақылауды күшейту мәселелерін атап өтті.

Байзақ аудандық мәслихатындағы депутаттық фракциясы туралы ережесін бекіту мәселесі қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалының мәслихаттағы депутаттық фракциясының жетекшісі Елемес Рабылұлы хабарлама жасады.

«Нұр Отан» партиясы қоғамдық бірлестігі Байзақ аудандық

Мәслихаттағы «Нұр Отан» партиясы қоғамдық бірлестігінің депутаттық фракциясы туралы үлгісінің ережесі бекітіліп, күн тәртібінде аталған мәселе бойынша бірауыздан тиісті қаулы қабылданды.

“НҰРЛЫ ЖОЛ - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ”

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ БІРЛІГІ-БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Н. Байжанова,
шаруа қожалық жетекшісі.
Байзақ ауданының Құрметті азаматы.

Өткен жылдың 16-шы желтоқсаны күні Астана қаласындағы “Астана-Опера” театрында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында тәуелсіздіктің ел өмірінде алатын орны мен оны баянды етудің маңызына айрықша тоқталды.

Тәуелсіздік- құндылық. Баға жетпес байлығымыз- бабаларымыздан өсиет боп қалған, халқымызға қасиет боп қонған бақыт – бірлігіміз. Құнды қазынамыз- тарих табыстырып, тағдыр тоғыстырған халқымыздың бірлігі. Осы бірлік пен қоғамдық келісімнің арқасында елімізде сан ұлт өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешіп, ұрпақ өсіруде.

Қазақ «мың өліп, мың тірілсе» де, қазақ болып қала берді, әр ұрпақ өзінен кейінгілерге тәуелсіздікті арман етіп, сол жолда хас батырларымыз бен ұлт қайраткерлеріміз талмай күресті. Ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке 1991 жылғы 16 желтоқсанда қолымыз жетті. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өткен еліміз осы кезеңде ғасырға бергісіз жолдан өтті, ауқымы жағынан орасан бастыстарға қол жеткізді. Егемендіктің тұғыры жылдан-жылға нығайып, жана да жас мемлекетімізді бүкіл әлем танып, мойындады. Тәуелсіздіктің 23 жылында

елімізде ұлан-ғайыр істер атқарылды. Тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай белгіленіп, мемлекеттік рәміздеріміз, Ата Заңымыз, ұлттық валютамыз және елорда-Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қоғамдастық Қазақстан Республикасы деген биік рухты елдің бар екенін мойындады. Экономика нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі жаңа белеске көтерілді. Елімізде қалыптасқан этносаралық және дінаралық келісім тәуелсіздігіміздің берік тірегіне айналды. Қазіргі таңда Қазақстан бүкіләлемдік қауымдастықта өзіндік орны мен беделі бар, демократиялық даму жолына түскен, ұлттық салт-дәстүрінің, мәдениетінің, ана-тілінің аясы кеңейген өрлеу бағытындағы елге айналды.

Өткенге көз сала отырып, бүгінгі ұрпақ өте бақытты ұрпақ деп айта аламыз. Елімізді көркейтетін, шаңырағын биіктетіп абыройын асыратын, білім мен білік жолын таңдаған бүгінгі ұрпақтың алдында тұрған басты міндет- тәуелсіздікті баянды ету, елімізді барынша дамыған 30 елдің қатарына енгізу, “Мәңгілік Ел” идеясын іске асыру болып табылады. Талмай ізденіп, білім алып, ғылымды игеру, өзінің туған жерін, мемлекетін жан-тәнімен жақсы көріп, ұлы істерді атқаруға дайын болған ұрпақтың қолынан ұлы істер келетіндігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Жалпы Елбасының Тәуелсіздік күні сөйлеген сөзі ешкімді бейжай қалдырмады. Онда еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, ел бірлігі мен татулығын сақтау, елдің ішкі және сыртқы саясаты, тәуелсіздіктің

23 жылында елімізде атқарылған кыруар тірліктер, алда тұрған ауқымды міндеттер жан-жақты айтылды. Мұнымен қатар ел өміріндегі маңызды оқиғалар- Қазақстан халқы Ассамблеясының және Ата Заңымыздың 20 жылдығы, Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтудің маңызы да сөз болды.

Қазақстан халықтарының ең бірінші байлығы – ұлттар достығы мен қоғамдық келісім. Жамбыл облысына қарасты Байзақ ауданы татулығы жарасып, ынтымағы келіскен қасиетті өңірлердің бірі. Өңірімізде отыздан аса ұлт өкілдері бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай бақытты ғұмыр кешуде. Азаматтық келісім жетістігіміз болғандықтан сан алуан ұлттардың мейрамдары «Рамазан», «Наурыз», «Пасха», «Рождество» сынды мерекелерді жұрт болып тойлап келеміз.

«Біздің тамырын теренге тартқан ұлы мұратымыз бар. Ол Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтап, елдігімізді, тұғырлы мемлекетімізді ғұмырлы ету. Елімді төрткүл дүниеде терезесі тең, еңселі жұртқа, абыройы асқан айбынды елге айналдыру менің өмірлік те өршіл мұратым. Сондықтан мен, күш-қуатым барда, төжірибем барда, тілегі бір елдің тіреуі болып, қызмет ете беруге әрқашанда дайынмын» деп Елбасымыз айтқандай, баршамыз ел тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігі мен беделін өсіру жолында қажырлылықпен еңбек ете берейік дегім келеді.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ-УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Б. Жақыпбеков,
жеке кәсіпкер.

Өзінің жыл сайынғы Жолдауларында Елбасы түрлі саланы дамытуға айрықша мән беріп келеді. Биылғы құжатта Президентіміз шағын және орта кәсіпкерлікті өркендетуге баса назар аударған. Айталық Жолдаудағы «Алдағы уақытта бизнесті қолдау мен іскерлік, белсенділікті арттыруға қатысты жұмыстар жалғасады» деген жолдар біз сияқты шағын кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтарға айтарлықтай қамқорлық деп білемін.

Жалпы, еліміздің ертеңі кемел болуы мемлекетіміздегі кәсіпкерліктің кең өріс алуына байланысты. Әрі ел экономикасының ілгері басуына шағын және орта бизнестің қосар үлесі зор. Осыны білген көреген қосбасшы Үкіметке тапсырмалар жүктеді. Бұл дегеніміз әсіресе жұмысын жаңадан бастаған жас ауыл кәсіпкерлеріне үлкен қолдау болады десек артық айтқандық емес.

Сонымен қатар, ел Президенті кезекті Жолдауында еліміздің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын одан әрі жүзеге асыруды, ауыл шаруашылығын өрістетуді, халықты еңбекпен қамту, тұрғын үй-коммуналдық саланы жаңғырту және білім беру мен денсаулық сақтаудағы сапаға көңіл бөлуі міндеттеді. Демек, маңызды құжатта көрсетілген мұндай тапсырмалардың орындау - әрбір азаматтың басты парызы. Осылайша біз “Мәңгілік Елге” бастаған Қазақстанның ертеңін мәнді ететініміз анық.